

«Салтанат» бөбекжай-бақшасы» МКҚК



**«Бала балабақшаға бейімделуі: ата-
ананың қолдау тәсілдері»**

Петропавл қаласы

Бала балабақшаға бейімделуі: ата-ананың қолдау тәсілдері

1. Бейімделу дегеніміз не?

Бейімделу — баланың жаңа ортаға психологиялық, әлеуметтік және физиологиялық тұрғыдан қалыптасуы, жаңа ережелер мен тәртіпке үйренуі.

Бұл процесте:

- эмоционалды қобалжу,
- ұйқы және тәбет өзгерісі,
- жылау,
- анасына жабысу,
- белсенділіктің төмендеуі

сияқты белгілер қалыпты саналады.

2. Бейімделудің деңгейлері

1) Жеңіл бейімделу

1–2 апта ішінде бала қалыпты күйіне келеді

Ұйқы, тәбет біршама тұрақты

Жылау аз

2) Орташа бейімделу

2–4 апта уақыт алады

Бала үзіліспен жылайды, бірақ біртіндеп үйренеді

Инфекцияларға сезімтал болуы мүмкін

3) Қиын бейімделу

1 айдан ұзаққа созылады

Үйде де, балабақшада да мазасыздық, қарсылық

Жиі ауырады

Ата-ана-педагог және психологтың бірлескен жұмысын талап етеді

3. Бейімделуге әсер ететін факторлар

- ✓ Баланың темпераменті
- ✓ Отбасындағы эмоционалды климат
- ✓ Ата-ананың тәрбие стилі
- ✓ Бұрын әлеуметтік ортада болған-болмағаны
- ✓ Балаға берілетін алдын ала дайындық
- ✓ Ата-ананың өз алаңдаушылығы (бала оны сезеді)

4. Балаға бейімделу кезеңінде ата-ананың қолдау тәсілдері

1) Алдын ала психологиялық дайындық

Балабақша туралы жылы, жағымды әңгімелер айту

Тәрбиешінің рөлін түсіндіру

“Қорқытуға” болмайды: «Жыласаң балабақшаға апарамын» деп айту — тыйым салынған!

Баламен бірге балабақша маңына барып, топ бөлмесін көрсетіп қою

2) Үй режимін балабақша режиміне жақындату

Бала балабақшаға келе салысымен режимге үйренбейді.

Сондықтан 2–3 апта бұрын:

тұру және ұйықтау уақытын бір қалыпқа келтіру

тамақтану уақытын сәйкестендіру

күндізгі ұйқыны қалыпқа келтіру қажет

3) Біртіндеп бейімдеу әдісі

Мүмкін болса: алғашқы 3–5 күн бала балабақшада аз уақыт (1–2 сағат) болсын кейін біртіндеп уақыт ұзартылсын, толық күнге бірден қалдыру балаға стресс туғызады

4) Баладан бөліну тәсілі

Ата-ана не істеуі керек?

- Бөліну сәтін ұзартпау
- Тәрбиешіге сенім білдіру
- «Мен сені сағат Х-та алып кетемін» деп нақты айту
- Айтқан уақытта міндетті түрде келу

Нені жасамау керек?

- Жасырын кету
- Бала жылаған кезде өз эмоциясын көрсетіп, абдырау
- «Қалсаң ғана сыйлық берем» деп саудаласу

5. Баланың эмоциясын қолдау

Бала жыласа – бұл қалыпты құбылыс екенін қабылдау

Эмоциясын жоққа шығармау:

«Жылама!» емес,

«Сен қазір уайымдап тұрсың, мен түсінемін»

Үйге келгенде құшақтап, жылы қабылдау

Кешке асықпай балаға көңіл бөлу: бірге ойнау, сурет салу

6. Балабақша-педагог-ата-ана байланысы

Тәрбиешіге:

- Баланың мінезі,

- Ұйқысы,
- Қорқыныштары,
- Ұнататын ойындары туралы алдын ала ақпарат беріңіз.

Педагогпен:

- күнделікті қысқа кері байланыс алысу (1–2 минут)
- қиындық болса ашық айту
- тәрбиешімен сенімді қарым-қатынас орнату
- бала үшін өте маңызды.

7. Үйде қолдау берудің тиімді әдістері

✓ Ритуалдар енгізу

Таңертеңгі қоштасу ритуалы

Кешкі "балабақшадағы күн" әңгімесі

Қуаныш сәттерімен бөлісу

✓ Ойын терапиясы элементтері

«Балабақша» ойынын ойнау

Балаға тәрбиеші, топ достарын рөлге беріп ойнауына мүмкіндік жасау

Қуыршақтармен «бөлу – кездесу» жағдайын ойнау

✓ Жұмсақ өтпелі зат

Егер рұқсат болса:

сүйікті ойыншық

кішкентай орамал

анасынан шағын хат

баланың өзін қауіпсіз сезінуіне көмектеседі.

8. Балаға бейімделу кезінде жиі кездесетін қателіктер

⊗ Баланың алдында балабақшаға шағым айту

⊗ «Бәрі жылайды, сен де жылай бер» деу

⊗ Баланы асықтыру

⊗ Баланы салыстыру: «Әне, ол жыламайды»

⊗ Ата-ананың өз үрейін балаға көрсету

9. Бейімделудің оң белгілері

Бала топтағы кейбір балаларды атай бастайды

Тәрбиешіге сенім білдіру белгілері

Тамақтануға дағдылану

Танымдық, қимыл-қозғалыс белсенділігінің артуы

Жылау уақытын қысқаруы